



## АШЫҚ ТӘРБИЕ САФАТЫ



29.11.2017 жылы «Сақтан ұрпақ ЖИТС деген қатерден» тақырыбында бөлімшілік ашық тәрбие сағаты өтті. Дайындаған: «Мейіргер ісі» бөлімінің 201 топ кураторы: Иманалиева Г.Ж., бөлім меңгерушісі: Мырзагулова Ж.Б. Ашық тәрбие сағатының мақсаттары:  
- Студенттерді зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу, ЖИТС ауруын жұқтырмау және одан қалай қорғану жолдарын үйретіп, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.  
- Студенттерге ЖИТС қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру;  
- Салауатты өмір сүруге деген азаматтық жауапкершіліктерін дамыту.  
Тәрбие сағатқа Жамбыл облыстық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығының бас маманы Жакенова Рахима Хабиқызы қатысты.

## ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ



09.11.2017 жылы «Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық пен бопсалау» тақырыбында КБАЖ меңгерушісі Р. Усенов пен Тараз қалалық ІІБ ЖПҚ ЮПБ аймақтық инспектор, полиция аға лейтенанты С.А. Холашов колледж студенттерімен кездесіп, дәріс оқыды.



21.11.2017 жылы Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның ӘЗЗҚКТ инспекторы, полиция майоры Е.М. Пискарёва «Қоғамдағы, отбасындағы зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында 1 курс студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



13.11.2017 жылы Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы, полиция майоры Кинжиханова Д.А. «Кәмелетке толмағандармен жасалатын қылмыстар» және 101,103, 104, 109, 110, 113, 114, 115 топ студенттерімен кездесіп «ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 128, 132, 434, 436, 437, 438, 442 баптарымен» таныстырып, басқа елді мекеннен және қалалардан келіп оқитын студенттерге бірге тұрып жатқан аға-жөнгелеріне, әпке-жөзделеріне, туыстарына сенім хат алып беру керек екендігін айтып өтті.



25.11.2017 жылы Тараз қалалық ІІБ ЖПҚ ЮПТ аға инспекторы полиция майоры Шахизат Шаяхметовна Юсупова., Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның ӘЗЗҚКТ инспекторы, полиция майоры Елена Михайловна Пискарёва., Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның ӘЗЗҚКТ инспекторы, полиция капитаны Мусаева Анар Бекзатовна сағат 09.00-де «Емдеу ісі» «Мейіргер ісі» бөлімі 1 курс 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108., сағат 10.30-да «Емдеу ісі» «Мейіргер ісі» бөлімі 1 курс 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115., сағат 12.00-де «Ақушерлік іс», «Фармация», «Емдеу ісі», «Медбикелік іс» бөлімі 2 курс 214, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221 топ білімгерлерінің ата-аналар жиналысына қатысып, «Қоғамдағы, отбасындағы зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында сонымен қатар қоғамда болып жатқан құқық бұзушылықтар туралы 1 және 2 курс студенттерінің ата-аналарымен ой бөлісіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

## КЕЗДЕСУ



11.11.2017 ж. Жоғары оқу орындарының оқытушыларының сарапшылардың, қоғам институттар өкілдерінің қатысуымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ТарМПУ-нің аға оқытушысы Б.Х.Танатаровпен кездесу өтті.

## СЕМИНАР



15.11.2017 ж. Саламатты Қазақстан бағдарламасы бойынша жоспарға сәйкес «Жастар мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау» тақырыбында семинар өтті. Жастарды 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасымен таныстыру. Жастарға салауатты өмір салтын дұрыс ұстану жайлы дұрыс бағыт көрсету. Жастарды қауіп-қатер факторларынан аулақ болуын түсіндіру. Жастарды дұрыс жолмен жүруін тәрбиелеу.


Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі.  
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

## НАРКОПОСТ



2017 жылдың 15 қараша күні сағат 15:00-те 316 топ, 303 топ, 309 топ студенттерімен Жамбыл облыстық наркологиялық диспансер маманы Джумалиева Жанар Сералиевна «Қорқордың және насыбайдың жасөспірімді ағаға тигізетін әсері» деген тақырыбында, Жамбыл облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы Абилядаева Феруза Сериковна «Зиянды әдеттердің алдын алу» тақырыбында, №1 Қалалық аурухана дәрігері Омарова Ғалия Бердібековна «грипп и вакцина» тақырыбында, Жастар денсаулық сақтау орталығы «Жігер» маманы Куркмазов Арсен «Вакцинация» тақырыбында семинарға қатысып, студенттерге өз ойларын айтып кетті.

## ЭКСКУРСИЯ



24.11.2017ж. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобалары бойынша өткізілген іс-шара. Тас мүсіндер тарихымыздың тамыры. Жамбыл облысындағы балбал тастар, Қаратау таңбалы тастары. Балбал тастар мұражайы.

## I ЖЕЛТОҚСАН - "ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ"

30.11.2017ж. Азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағыт бойынша "Ел басы - ел тірегі" атты ашық бөлімшілік іс-шара өтті, мақсаты: студенттердің ҚР бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаев туралы, яғни мемлекеттің тұрақтылық кепілі заманауи атакты саясаттанушысы, тәуелсіздікті қалыптастырушысының атқаратын қызметі туралы білімдерін тереңдету.  
114 топ "Емдеу ісі" бөлім меңгерушісі: Калымбетова Ж.Б. куратор: Мальцева К.А.




## ОБЛЫСТЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА



24.11.2017 ж. «Тіл мәртебесі - Мәңгілік ел мәртебесі» атты облыстық колледжаралық қазақ тілінен пәндік олимпиада өтті. №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру ЦӨК оқытушылары өткізді: Мәдімарова Ә.Т., Жунисова Д.М., Абдраимова Н.Ж. Олимпиаданың мақсаты: Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, әрбір өзге ұлт өкілдерінің бойында жалпы ұлттық патриотизмді қалыптастыру. Міндеті: Студенттердің қазақ халқының тіліне, әдебитіне, салт - дәстүрлеріне, тарихына, мәдениетіне деген қызығушылығын арттыру, оларды үйреніп білуге ынталандыру. Олимпиадада Жунисова Д.М. ның жетекшілігімен Жамбыл медициналық колледжінің I курс студенттері Гафурова Р. II орынды иеленді, ал Асимова Д. алғыс хатпен марапатталды.

## КОЛЛЕДЖДЕГІ ИПІ ІСТЕРДІҢ БАСТАМАСЫ



Колледждің стратегиялық жоспарына сәйкес колледж директоры - Ж.Н. Сарыбекованың басшылығымен 05.12.2017 ж. 80 жылдан аса тарихы бар киелі оқу орнының мұражайы, Н.Ә. Назарбаевтың "Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар" бағдарламасы аясында "Рухани жаңғыру" орталығы, сонымен қатар студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында колледжде спорт алаңының ашылу салтанаты өтті. Салтанатты жиынға Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы басшысының орынбасары Т.С. Жамалов. Облыстық және қалалық медициналық мекемелердің бас дәрігерлері (А. К. Айтбаева, Д.А. Сарсенова, Р.Б. Нуржанов, М.Р. Рабандияров, Н.Ш. Абиляев). Облыстық колледждерінің директорлары (Ж.Р. Орынбаева, Г.К. Турсынбекова, Н.Т. Нуралиев, А.Д. Биназаров). Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының басшысы Ф. Б. Боранбаева. Тараз қаласының әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы У.С. Сламбекова. Тараз қаласы, Байзақ ауданының құрметті азаматы, ардагері С.Қ. Қоңырова, сонымен қатар облыстық Шоқан Уәлиханов кітапханасының директоры Э.Е. Абдинова қатысты.



## I ЖЕЛТОҚСАН - "ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ"

### ОБЛЫСТЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДА

### КОЛЛЕДЖДЕГІ ИПІ ІСТЕРДІҢ БАСТАМАСЫ

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ НЕГІЗІ

### ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АПТАЛЫҚ

### ӘДІСТЕМЕЛІК МЕКТЕП ОТЫРЫСЫ

### СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІС ЖҰМЫСЫ

### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

### АШЫҚ ТӘРБИЕ САФАТЫ

### ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

### КЕЗДЕСУ

### СЕМИНАР

### НАРКОПОСТ

### ЭКСКУРСИЯ



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ НЕГІЗІ

№2 “Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері” ЦӘК төрайымы Б.А Сағындықованың басшылығымен пәндік апталығын өткізді. Апталық барысында келесі іс-шара жүзеге асырылды.

27.11.2017ж. ЦӘК оқытушы Джемписова Назаркуль Елеуенқызы 111 топ «Емдеу ісі» студенттерімен «д – элементтеріне жалпы сипаттама. Мыс, мырыш, темір, хром» тақырыбында химия пәнінен ашық сабақ өткізді.

29.11.2017ж. ЦӘК оқытушы К.А. Мальцева химия пәнінен 115 топ "Емдеу ісі" студенттерімен "Общая характеристика р-элементов. Алюминий" тақырыбында ашық сабақ өткізді.

30.11.2017 ж. ЦӘК үйірме мүшелерінің қатысуымен “Рухани жаңғыру - Ұлттық бірегейліктің негізі” тақырыбында көрме өткізілді.

Жамбыл облыстық наркологиялық диспансер маманы Джумалиева Жанар Сералиевна «Ішімдікті ішпеген – бақытты адам. Ішімдіктің жасөспірім ағзасына тигізетін зияны» деген тақырыпта 110 топ студенттеріне дәріс оқып, бейнеролик көрсетті. Мақсаты: «Бірінші байлық- денсаулық». Олай болса, «Қазақстан-2030» бағдарламасында көрсетілгендей өркениетті елдің әрбір азаматының денсаулығы мықты, хал- ахуалы жақсы болуы үшін зиянды әдеттерден ішімдік, шылғым шегушіліктен жерітіп, денсаулыққа, болашақ ұрпаққа жау екендігін ұғындыру. Маскүнемдіктің зардаптары. Маскүнем ата-аналардан туған балалар ұмытшақ, алаңғасар, халқымызға пайдасыз болып өмірге келетінін жете түсіндіру. Арақтың зиянына ғылыми дәлелденген деректер бойынша нақты фактілермен көз жеткізу. Өркениетті елімізге лайықты зиянды әдеттерге қарсы күресетін, білімді де тәрбиелі тұлға қалыптастыру. Жауапты: Ташмахамбетова А.С.

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АПТАЛЫҚ

20.11.2017 жылы Психологиялық қызметтің жылдық жоспарына сәйкес Жамбыл медициналық колледжінде Қазақстан Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген «Біз және біздің болашағымыз» атты психологиялық апталық күні, «Бір-бірімізге қуаныш сыйлау» акциясымен басталды, колледж әкімшілігі, барлық оқытушылар, барлық курс студенттері қатысты, қағаз бетіне жақсы тілектер, лебіздер жазылып, көтеріңкі көңіл – күйлерімен бөлісті.

23.11.2017 жылы «Ұрпағымыз -біздің тірегіміз» тақырыбында ата-аналар және қамқоршы-қорғаншылармен дөңгелек үстел өткізілді. Жауапты: колледждің әлеуметтік-педагогы Буксубаева А.А.

23.11.2017 ж. әдістемелік мектеп отырысында «Оқытушының әртістілігі мен стилділігі» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Жауапты: колледж психологы Оскенбаева А.Н.

«Неке тазалығы» (телегония) тақырыбында қалалық семинар. Қалалық семинарға әр оқу орнының әлеуметтік-педагог, психологтар және колледж студенттері қатысты.



Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы: Уркинбаева Д.Б. ұйымдастыруымен 2017 жылдың 20 қараша күні сағат: 10.00 – де колледж алаңында белсенді студенттер «Болашағымыз жарқын» атты ұранымен би акциясы өткізілді. Студенттер заманауи би әуеніне патриоттық сипаттағы, үндеулерді айтып, серпінді флеш-мобты орындады.

Әрі қарай «Тәрбие, құқық бұзушылықтың алдын – алу жұмысының меңгерушісі» Р.Б.Усеновпен «Отбасындағы зорлық – зомбылықтың алдын – алу» тақырыбында маманмен кездесу ұйымдастырды. Қонаққа Тараз ҚІБ инспектор полиция майоры Е.М. Пискарева сөз сөйлеп, студенттерге түрлі жағдайларды түсіндірді және студенттер осы тақырып бойынша түрлі сұрақтар қойды.

Жоспар бойынша 21.11.2017 жылы, 2 курс, «Мейіргер ісі» бөлімі, 205 топпен «Психология негіздері» пәнінің оқытушысы: Амангелдиева А.Б. «Біз және біздің болашағымыз» тақырыбында тренинг өтті.

22.11.2017 жылы колледж психологы: Алимкулова Т.С. «Ойыңды өзгертіп, өміріңді өзгерт» тақырыбында барлық курс топтарымен тренинг өтті.

Тренинг өз мақсатына жетті, студенттер осы тренингтен жақсы әсер алып, ойларын анық жеткізді, өз өмірлерімен байланыстырды, бойларындағы үрей, қорқыныш, сенімсіздік қасиеттерін жеңе білгендіктерін айтты.

## ӘДІСТЕМЕЛІК МЕКТЕП ОТЫРЫСЫ

23.11.2017 ж. Әдістемелік мектеп отырысының күн тәртібі: Семинар кеңес: Жас мамандардың педагогикалық шеберлігін қалыптастыру және психологиялық қолдау. 1.1. Оқытушының әртістілігі мен стилділігі. Практикум Жауапты: Психолог: Өскенбаева А.Н. 1.2. Оқытушының педагогикалық шеберлігін қалыптастыру тренингтерін жүргізу. «Сенім – менің серігім» тренинг. 2. «Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу. Жас оқытушыларды ғылыми-зерттеу жұмысына тарту.» Практикум Жауапты: Үйірме жұмысы Кеңесінің төрайымы Алтынбекова Ж.Р. 3. «Менің сүйікті ұстазым» тәлімгердің іс-тәжірибесінен: Ішкі аурулар пәнінен теориялық сабақ өткізудің тиімді әдіс-тәсілдері. Жауапты: Мадимарова Б.С. 4. Бағалау түрлері, студенттердің білімін дұрыс бағалау критерилері, т ест бағалау критеріі. Жауапты: Батаева Л.К



## СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНИС ЖҰМЫСЫ

28.11.2017ж. «Фармация» бөлімі 330,331,320 топтары және «Емдеу ісі» бөлімі 303,328,205 топтарымен «Флора» үйірмесінің жетекшісі Р.Т. Нурбаева «Заболевание почек и мочевого пузыря. Профилактика и лечение заболевания почек и мочевого пузыря путей лекарственными растительными средствами» тақырыбында ашық үйірме отырысын өткізді.



## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

2017 жылдың I желтоқсанында «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Ұлы тұлға – ұлт аманаты» атты жас патриоттар форумында Жамбыл медициналық колледжінің жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркинбаева «Ең үздік комитет жетекшісі» номинациясын иеленіп дипломмен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

20.11.2017 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын іске асыру аясында V облыстық «Студенттік бал-2017» мерекелік шарасы үлкен деңгейде өткізіліп, Уркинбаева Д.Б. «Үздік жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы-2017» номинациясын иеленсе, «Емдеу ісі» бөлімі 301 топ студенті Е.Қыпшақбаев «Жыл студенті-2017» жеңімпазы болды. Сонымен қатар «Мейіргер ісі» бөлімі 204 топ студенті Ф.Сүнәтліл облыс әкімі Көкрекбаевтың алғыс хатымен, «Мейіркелік ісі» бөлімі 304 топ студенті Н.Елубай «Нұр Отан» партиясының алғыс хатымен марапатталды.

30.10.2017 ж. «Тараз қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімі» ұйымдастырған «Спорт-сенім» атты үстел ойындарынан өткізілген жарысқа қатысып, жалпы командалық есепте жүлделі 3 орынға ие болды.

Жамбыл медициналық колледжінің I курс студенттері Р. Гафурова мен Д. Асимованы Облыстық олимпиадаға дайындағаны үшін Д.М. Жунисова алғыс хатпен марапатталды.

14.11.2017 ж. Жамбыл облыстық Ж И Т С орталығының ұйымдастыруымен Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес акциясы ұйымдастырылып, 109 және 113 топ студенттері флешмобқа қатысты. Шара соңында тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.К.Мейрманова және жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркинбаева алғыс хатпен марапатталды.

31.10.2017 ж. облыс әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен «Қазақстан – 2020: болашаққа жол» ҚР мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасын және «Волонтерлік қызмет туралы» Заңын іске асыру аясында Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде «ЭКСПО-2017- ұлы дала елінің жетістігі!» атты облыстық жастар Форумына колледждің ерікті жастары қатысып, «Емдеу ісі» бөлімі 301 топ студенті Е.Қыпшақбаев ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында волонтер ретінде облыстағы қоғамдық бағыттағы іс-шараларға белсене қатысқаны үшін облыс әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы М.Мәтіннің алғыс хатымен марапатталды.

22.11.2017 ж. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Ел мерейі - рухани жаңғыру» тақырыбында 1, 2 курс студенттері арасында колледжілік «Шабыт» байқауының қортындысы бойынша: «Мәнерлеп оқу» номинациясы бойынша: «Бас жүлде» - Темірболат Н. 105-топ I орын – Уәзханова А. 112-топ II – Қасым З. 104-топ және Отар Д. 107-топ III – Базарбай А. 102-топ, Үйірбек А. 103-топ, Қуантаева Қ. 107-топ «Хореография» номинациясы бойынша: «Бас жүлде» - Садықбай А., Кеңесбай А. 107-топ I орын – Әбен Ж. 102-топ II – Иванова А. 115-топ, 219 топ студенттері III – Бостанова Ә. 108-топ, Құсайынова М. 107-топ, Әбдүжәлел А. 106-топ «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша: «Бас жүлде» - Искаков Ж. 217-топ I орын – Бисеналы Д. 104-топ «Вокал» номинациясы бойынша: «Бас жүлде» - Әскербек М. 107-топ I орын – Қалжанова Ә. 216-топ II – Сатыбалды Э. 104-топ, Перзентбай Д. 115-топ III - Пернебек Аяулум 102-топ, Өмірзақ М. 105-топ, Затыбаев А. 113-топ «Флешмоб» номинациясы бойынша: «Бас жүлде» - 113-топ студенттері I орын – 104 топ және 115-топ студенттері II – 107 топ студенттері III – 101 топ студенттері